



120500, Қармақшы ауданы  
Тел: 8-724-37-3-11-86

**БҰЙРЫҚ**  
**29.08.2025 № 279**  
Жосалы кенті

120500, Кармакшинский район,  
Тел: 8-724-37-3-11-86

**ПРИКАЗ**

**Тамақтандыруды ұйымдастыруға мониторинг  
жүргізу жөніндегі комиссия тобын құру туралы**

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына 109 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында білім алушыларды тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрамы бекітілсін:

Комиссия төрағасы:

1. Б.Дүйсенбаев - Мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

2. Д.Бекпанова - (бастауыш оқу ісі жөніндегі орынбасары)
3. Е.Сунгатов – әлеуметтік педагог
4. Б.Талғатбеков – медага
5. Б.Сәрсенов – шаруашылық жөніндегі орынбасары
6. Н.Бисембаев – қамқоршылық кеңес мүшесі
7. А.Сәркеева – ата-аналар комитетінің төрағасы

Комиссия мүшелері ас блогындағы, асханадағы жұмыстың ұйымдастырылуын, тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын, өнімдерді өткізу мерзімдерін, тамақ дайындау сапасын, ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау, тағамдарды дайындау технологиясына, тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығына, өнімдердің және дайын тағамдардың сақталу мерзімдері мен сертификаттарының уақыты мен сақталуына, ай сайын мониторинг жүргізісін.

2. Күн сайын мектептің медағасы Б.Талғатбековке тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізісін.
3. Комиссия жұмысының қорытындылары мектептің педагогикалық кеңесінде қаралсын.

4. Күнделікті асхана, буфет тағам өнімдерінің сапасын бақылап, рұқсат етілмейтін заттардың сатылмауын қадағалау жауапкершілігі мектеп медагасы Б.Талгатбековке міндеттелсін.
5. Ай сайынғы жүргізілген мониторинг жұмысын Фейсбукке жариялау әлеуметтік педагог Е.Сунгатовқа тапсырылсын.
6. Тамақ ішетін оқушыларды күнделікті қадағалау 1-4 сынып бойынша Д.Бекпановаға және 5-10 сынып бойынша Е.Сунгатовқа міндеттелсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды директорының тәрбие ісі жөнінде орынбасары-Ж.Әбділоваға міндеттелсін.

Мектеп директоры



Б.Дүйсенбаев